

УДК 317

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨЛ ОЙЫНЫ-ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ**

**Көпжасарова Қымбат Жарқынбекқызы**

**kimbatkopzhasar@gmail.com**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ,механика-математика факультеті Математикалық  
компьютерлік модельдеу кафедрасы студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – У.С.Марчибаева

Тоғызқұмалақ-әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын,логикалық ойлау өнері.Бұл өнердің басты қасиеті-адам санасын жетілдіруге, ақыл-

ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Түркі тілдерінде әр сөздің негізгі мағынасымен қатар, астарлы, тұспалды мағынасы да болады. Бүгінгі күнге дейін жарық көрген бірқатар еңбектерде «тоғызқұмалақ» атауын оның екінші сыңарына байланысты заттық, тұрмыстық негізді түсіндіру-оның құндылығы мен қасиетін өз дәрежесінде таныта алмай отыр. Яғни құмалақты «қойдың нәжісі деп, тоғызқұмалаққа «қойшылар ойыны» деген қарабайыр тіркесті жамау- ұлттық ойынның мәнін өз дәрежесінде көрсетпейді. Сөз өнерінің қуатын жетік түсінген бабаларымыз ұрпағының зерделі ойлы болуы үшін де көп тер төккен. Кез келген өнер туындысы болсын, ақыл-ой шығармашылығының жемісі болсын оның атауына да ерекше мән берген. «Тоғыз» саны ежелгі түркілерде көптік мағынаға ие болған. Бабаларымыз осы санды шексіздік қасиеті бар сан деп түсінген. «Тоғыз жолдың торабы» деген тіркес нақты тоғыз жолды емес, көп жолдың тіркесуін бейнелейді. Тоғыз санына байланысты шыққан басқа тіркестерге де осы сипат тән.

Ал «құмалақ» сөзі ойынның қойшылар арасында белгілі бір кезеңдерде кеңінен таралып, насихатталуына байланысты сақталып қалса керек. Ілгі тектеріміз тақта отауларына құмалақ салып ойнағанға дейін түрлі жеміс-жидектерінің дәндері, сүйек, уақ тастармен және т.б. заттармен де ойнауы мүмкін. Ақтеңіз жағалауындағы көшпелі тайпаларда тасқа байланысты атаулардың жадыда қалуы осыған айғақ. Ад «коргоол» сөзінің қырғыз тілінде ұшырасуы- моңғолдардың көптеген жылдар бойы қазіргі Қырғызстан аймағына үстемдік жасауынан қалған тілдік ерекшелік болса керек. Құмалақтың бір қасиеті-оның қозғалысқа бейімділігінде. Оны түртіп қалғанда жылжиды, яғни қозғалады, қозғалысқа түседі. Демек «құмалақ»-қозғалыстың символы. Сондықтан «тоғызқұмалақ» сөзінің беретін мағынасын қарастырғанда көшпенді дүниетаным мәселелерін естен шығармау керек. Осыған сәйкес бұл тұжырымға сүйенсек, тоғызқұмалақты «шексіз қозғалыс» ойыны деп қарастырған жөн болмақ. Өйткені осы ойындағы 162 құмалақтың ерсілі-қарсылы қозғалыстары өте көп. Шынында да сол шексіз қозғалыстардың тақтадағы түрліше өзгерістерін жадында сақтай алатын, логикасы мықты, қияли жүйрік адам ғана тоғызқұмалақ ойынымен тереңдеп айналыса алады. Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік (интеллектуалдық) ойын, логикалық ойлау өнері. Археолог-ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Жасөспірім ұрпақтың дене шынықтыру тәрбиесімен қатар, ақыл-ойының дамуына да зор мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тауып, зердегілік және зияткерлік даму құралы ретінде қолданған.

Тоғызқұмалақ ойыны республикалық деңгейде Қазақстан Республикасы, Қырғызстан, Моңғолия, Ресейде, Алтай мен Қаратай-Шеркессия елдерінде ойналады. Қытайда және Еуропа елдерінде ойынды ақпараттық жағынан насихаттап отырған көптеген жанашырлары бар. Американың Нью-Йорк қаласындағы Аляска Университеті Тоғызқұмалақ ойынын зерттеумен айналысып отыр. Қазақстан Республикасында қазір спорт түрі ретінде Тоғызқұмалақ қанатын кеңге жайып, танымал ойын болып дамуда.

Қазақстан Республикасының Тоғызқұмалақ ойыныннан жекелей чемпионаты ресми түрде 1974 жылдан бастап өткізіліп келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі жыл сайын ересектер арасында жекелей және командалық, жастар мен жасөспірімдер арасында, ардагерлер арасында чемпионаттар өткізуде.

1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді. 8 жыл ішінде бұл жарысқа Моңғолия, Ресей, Қырғыз, Өзбек елдерінің спортшылары қатысып үлгерді.

Тоғызқұмалақ әуесқой ойыншыларының Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Федерациясы 2001 жылы құрылды.

Басты мақсат – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру. Мәні кез-келген жанның ақыл ойы шындап, ми қызметін дамытып, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру.

2001 жылы 1 сәуір айынан бастап Астана қаласында Шахмат клубы жанынан Тоғызқұмалақ бөлімі ашылды. Оған «4» жаттықтырушы 170-ке жуық оқушылар дайындалады. «1» халықаралық спорт шебері, «3» спорт шебері, «8» спортшеберлігіне үміткер, «11» I-деңгейлі тоғызқұмалақшылары бар.

Тоғызқұмалақ тарихындағы ең маңызды, ең сәтті кезең 2006 жылдың 28 тамыз-3 қыркүйек аралағында Лондон қаласында X Халықаралық зияткерлік ойындар олимпиадасында болды. Өйткені олимпиада бағдарламасына 36 спорт түрі, оның ішінде шахмат, го, овари, боку секілді кеңінен таралған ақыл-ой спортының түрлерімен қатар, тұңғыш рет тоғызқұмалақ та енгізілді.

Қазақ ақыл-ой спортының бұл жарыс бағдарламасына енгізілуі кездейсоқ құбылыс емес. Өткізіліп жатырған іс-шаралардың барлығын саралаған ұйымдастыру алқасы, тоғызқұмалақтың олимпиада бағдарламасына енгізілуіне ешқандай кедергі жоқ екеніне көз жеткізіп, Қазақстан құрамасын жарысқа шақырды.

Лондонға Қазақстан құрама командасын Астана қаласының дене тәрбиесі және спорт басқармасына қарасты Х.Омаров атындағы шахмат клубының директоры, Тоғызқұмалақтан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы С.А.Шарипов бастап апарды. Алғашқы кезден бастап ұйымдастыру алқасымен келіссөздер жүргізіп, құжаттарын дайындап, жазғы демалыс кездерінде күні-түні еңбек етіп, кітап жазған Сардар Азуұлының бұл жерде атқарған жұмыстары үлгі боларлық. Команда құрамында спорт шеберлері А.Сейтжанов, М.Шотаев, с.ш.ү. Д.Касенева, Г.Мағауова, Р.Шариповтер өнер көрсетті.

Тоғызқұмалақ жарысы 7 күнге созылды. Бұл ұлттық ойынға деген европалықтардың құрметімен қатар, оған деген қызығушылардың көп болғандығына да байланысты болды. Алғашқы күні шет елдіктерге тоғызқұмалақтың ережелері таныстырылып, бірнеше сабақтар өткізілді. Жаңадан үйренушілер арасында рапид жарысы өткізіліп, олардың арасында жеңімпаздар анықталды. Бұл бәскеде ағылшын Джордж Миллерге тең келер ешкім болмады және ол шеберлер арасындағы бәсекеге жолдама алды. Шетелдік жеңімпаздар мен жүлдегерлерге С.Шарипов пен ұйымдастыру алқасының төраға орынбасары Тони Корф Қазақстанда шығарылған тоғызқұмалақ тақтасы мен кітаптарды, медалдарды табыс етті.

29 тамыздан бастап негізгі бәсекелер басталып, олимпиада медалдері сарапқа салынды. Жарыс швейцар жүйесі бойынша 7 турға созылды және 6 елден келген 16 спортшы қатысты. Оның ішінде Қазақстаннан басқа, Англия, Франция, Чехия, Ирландия және Гонконг елдерінің спортшылары да бар. Олимпиада бағдарламасының тығыз болуы, тоғызқұмалақ жарысы мерзімінің басқа зияткерлік ойындармен қатар келуі, Германия, ОАР, Швеция, Солтүстік Кипр секілді мемлекеттердің үздік ойыншыларының қатысуына кедергі жасады. Сондай-ақ түрлі себептермен Қырғызстан, Қарақалпақстан, Монғолия, Ресейдің ойыншылары да олимпиадаға қатыса алмады.

Олимпиаданың алғашқы күндерінен бастап, Қазақстан тоғызқұмалақшылары жарысқа босқа келмегенін және жүлдері орындарды ешкімге бермейтінін дәлелдей білді. Нәтижесінде мүмкін болған 7 ұпайдан – 7 ұпай жинаған, А.Сейтжанов алтын, 6 ұпаймен Г.Мағауова күміс, 5 ұпаймен М.Шотаев қола медаль иеленді. Европалықтардың ішінде Д.Миллер мен француз қызы Флорент Клэр жақсы өнер көрсетті.

Олимпиаданың жабылу салтанатында аталған спортшыларға тиісті медалдерін таққан Т.Корф Қазақстан құрамасының жарысқа жақсы дайындықпен келгенін, жақсы өнер көрсеткенін айтып, өзінің таң қалғанын жасырмады. Сондықтан 2006жылғы олимпиаданың «Ең үздік төрешісі» медаліне Қазақстаннан келген С.Шарипов лайық екенін хабарлағанда, залдағы спортшылар ұзақ қол шапалақтап, құрмет көрсетті. Сондай-ақ Тони Корф овари ойыны бойынша III орын иеленген Мақсат Шотаевты қола медалмен марапаттады.

Қазақ спортының тарихында тағы бір маңызды оқиға артта қалды. Тоғызқұмалақтан тұңғыш рет Азиядан тыс жерде өткен халықаралық олимпиада жалауын көтерді. Көптеген европалықтар тоғызқұмалақтың олимпиада бағдарламасына енгізілуін «ерекше құбылыс» ретінде бағалады, Қазақстанның әлемдік аренада беделінің артып келе жатқанын мойындады.

Тоғызқұмалақтан IV Әлем чемпионаты 2017 жылдың қыркүйек айының 03-08 аралығында Астана қаласында өтті. Онда әлемнің 25 елінен 70-тен астам спортшы шеберліктерін көрсетті. ЕХРО-2017 көрмесі аясында өткен халықаралық турнирді Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырды.

Әлем чемпионатында АҚШ, Антигуа мен Барбуда, Ауғанстан, Әзірбайжан, Германия, Грузия, Колумбия, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Ресей, Сирия, Тәжікстан, Түркия, Түркменстан, Үндістан, Ұлыбритания, Чехия, Швейцария сияқты мемлекеттерден - әлемнің төрт құрлығынан спортшылар қатысты. Австрия, Камерун, Польша және Украина спортшылары тұңғыш рет тоғызқұмалақтан әлемдік аренада сайысқа түсті. .

Сонымен қатар, 6 тамызда өткен федерация жиынында тоғызқұмалақтың әлемде таралу аясын кеңейту, әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастыру мәселелері талқыланып, кадрлық шешімдер қабылданды. Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ Федерациясы Президенті лауазымына - Алихан Байменов, Вице-президент лауазымдарына - профессор Жан Решитский ( Швейцария), Рауф Өзген ( Түркия), Асылхан Сәкей (Монғолия), Дастан Қапаев (Қазақстан), ал Бас хатшылыққа - Мақсат Шотаев сайланды.

Тоғызқұмалақтан келесі V әлем чемпионаты 2019 жылы - Түркияда, Еуропа чемпионаты 2018 жылы - Францияда, Азия чемпионаты 2018 жылы – Монғолияда өтеді деп жоспарлануда.

Ал тоғызқұмалақ ҚР жастар арасында жыл сайын өткізіліп келеді.Топ бойынша Ақтөбе облысы- 3 алтынмен, Қостанай облысы- 2 алтынмен,Маңғыстау облысы-1 алтын,1 күміспен жақсы нәтижелер көрсетіп, алдыңғы сапта келеді.

2013 жылы 17- 22 қараша Тоғызқұмалақтан II Ашық Азия чемпионаты Павлодар қаласында өтті.Жарысқа 9 елден 94 спортшы қатысты: Қырғызстан, Әзербайжан, Түркменстан, Түркия, Өзбекстан, Монғолия, Ресей, Қытай және Қазақстан.

Жарыстың ашылуы салтанатында Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасының орынбасары Тастамбек Есентаев, Павлодар облысының әкімінің орынбасары Нұржан Ашимбетов, Павлодар облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы Марат Айдашев, облыстық «Қазақстан-Павлодар» және «Ирбис» телеарналары қатысты.

Қазақстаннан Құрманов Нұрбек,Қайыржанов Әсет,Далиева Асель ,Сағынбекова Жаныл,Ермекбай Жамал керемет нәтиже көрсетті.

Бүгінгі күні тоғызқұмалақтың таралу ауқымы кеңейіп, көптеген елдерде насихатталып жатыр. Ежелден дәстүрі бар, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Монғолиядан басқа, Ресей, Қытай, Европа елдерінде қанатын кеңге жайып, түрлі жарыстар өткізіле бастады. Америкада Аляска университеті арнайы зерттеумен айналысса, интернетте бірқатар қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі сайттарда ережелері беріліп, теориялық мәселелері күнделікті талқыланып жатыр. Тоғызқұмалақ - әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге ерекше күш салады.

“Қазақ халқының ескі мұрасының бірі – Тоғызқұмалақ ойыны. Мұның қашаннан келе жатқаны жөнінде анық мәлімет жоқ. Тоғызқұмалақ ойыны бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында көп ұшырайды... .

Бұл ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек”.

С.Аманжолұлы. Көрнекті түрколог ғалым.

“Тоғызқұмалақтың орны бөлек. Бұл ойын адамды тапқырлыққа үйретеді. Миды шыңдайды”.

М.Жұрынов. Академик

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. "Спорт" газеті. 27.06. 1992 ж.
2. <https://9kumalak.wordpress.com>
3. Тоғызқұмалақ әліппесі. А., 2000 ж
4. Қазақтың ұлттық ойындары, А., 1994 ж.